

**«6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша (PhD)
философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған «Болашақ
мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық
тапсырмалар негізінде қалыптастыру» Қастаев Серік Қанатұлының
диссертациясына
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ**

Қастаев Серік Қанатұлының зерттеу жұмысының тақырыбы қазіргі қоғамдағы басты өзекті тенденцияны қамтиды, яғни, педагогикалық тапсырмалар негізінде болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыру мен оның теориялық тұрғыдан негізін қарастырады. Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде даярлау, жалпы білім беретін мекемелерде болашақта оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыру мәселелерін шешуге, алған іскерліктері негізінде нәтижелі оқыту үдерісін ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысы барысында педагогикалық тапсырмалар және олардың оқу-тәрбие үдерісіндегі түрлеріне сәйкес олар білім алушылардың іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру, білімді меңгерту мен іс-әрекетті жүзеге асыруға дағдыландыру құралы ретінде пайдаланылатыны айқындалған. Педагогика ғылымы мен практикасында белгілі болған педагогикалық тапсырмалардың оқу-тәрбие үдерісінде әртүрлі функцияны атқаратыны, оның ішінде оқыту, тәрбиелеу, дамыту және бақылау функциялары ерекше аталып көрсетілген. Жоғары оқу орындарының оқу үдерісіне педагогикалық тапсырмалар негізінде ұйымдастырушылық іскерліктердің құраушыларының қалыптасуының теориялық негіздері енгізілсе, онда білім алушылардың білім берудегі іскерліктері артып, ұйымдастырушылық іскерліктері қалыптасады.

Зерттеу жұмыс барысында болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалған, болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық кәсіби іскерліктерін қалыптастырудың мәні мен мазмұны нақтыланған, болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленген, болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастырудың әдістемесі жасалынып және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексерілген.

Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерлігін қалыптастырудың жоғары деңгейін қамтамасыз ету болашақ педагогтарды кәсіби даярлау жүйесінде педагогикалық тапсырмаларды қолдану барысына байланысты. Зерттеу жұмысының нәтижесі білім беру процесіндегі педагогикалық тапсырмаларды тиімді әрі жүйелі қолдана отырып, жалпы білім беретін мекемелерде білім алушылардың білімін дамытуға пайдалануға болады.

Теориялық бөлімде негізгі және қосымша әдебиеттерге шолу алдымен отандық ғалымдардың еңбегіне, содан соң шетелдік ғалымдардың әр түрлі салада жазылған еңбектерге жасалған. Ғылыми салааралық байланысты қамтыған бұл еңбекте тек қана білім беру емес, сондай-ақ, педагогикалық тапсырмалардың мәселелері тереңнен зерттелген. Ғылыми тұжырымдары дәйекті, негіздемелері орынды. Зерттеудің алдына қойған міндеттеріне сай бірнеше нәтижелерге қол жеткізген.

Диссертация жазу барысында Қастаев Серік көптеген ізденістер жасап, іскерлік, ізденушілік қабілетін көрсете білді. Жұмыс мазмұнды, тақырыпты толықтай ашады, логикалық реттілік сақталып, өзара байланыс әдістері шебер қолданыс тапқан. Диссертация деректі материалдарға сүйене жазылған, сілтемелері келтірілген.

Диссертациядағы тұжырымдар мен қорытындылардың негізделуі шынайы екендігі анық. Мұндай қол жеткізілген нәтижелер жұмыстың шынайылық дәрежесін көрсетеді.

Диссертациялық жұмыс талапқа сай, нақты тұжырымдалған. Автор тәжірибе барысында жұмысты нақты сараптап, теориямен практиканы бір-бірімен ұштастыра білді. Нәтижелердің ішкі бірлігі жұмыстың жалпы құрылымының жүйелілігін анықтайды. Жұмыстың жүйелі орындалып, талаптарға сәйкес бағдарлануы мен ережелеріне сәйкес жазылуы ғылыми еңбек дәрежесін нақтылайды.

Диссертация тақырыбы бойынша зерттеу жұмысын жүргізу барысында көрсетілген нәтижелер әрбір бөлім бойынша бірін-бірі толықтырып, тақырыптың зерттеу пәні мен нысанына сәйкес мақсат, міндеттерін терең мазмұнда ашып, ақпараттық нақтылық ресми мәліметтерге сүйене отырып диссертацияның мазмұны құрылған.

Жалпы алғанда, докторанттың зерттеу жұмысы құрылымы жағынан толық, теориялық және тәжірибелік мазмұны бар жаңашыл еңбек болып табылады.

Орындалған диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті белгілеген талаптарына сай келеді.

Қастаев Серік Қанатұлының 6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесіне ізденуге лайықты деп санауға мүмкіндік береді.

Ғылыми кеңесші,
Халықаралық туризм және
меймандостық университеті, «Тіл»
мектебінің қауымдастырылған
профессоры, п.ғ.к.

